

«Delta Bank» Акционерлік қоғамының

(«Delta Bank» АҚ)

Бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде

облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

Шығарылым	екінші
Облигация түрі	қамтамасыз етусіз, купонды облигациялар
Шығарылым көлемі	40 000 000 000,00 (қырық миллиард) теңге
Облигация номиналы	1 000 (бір мың) теңге
Саны	40 000 000 (қырық миллион) дана
Шығару үлгісі	құжаттамасыз

Шығарылған облигацияларды уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспекте айтылған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныстарын білдірмейді. Шығарылған облигацияларға мемлекеттік тіркеу жасаған уәкілетті орган аталған құжаттағы ақпараттың сенімділігіне жауап бермейді. Облигацияларды шығару проспектісі тек Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сәйкестігіне қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың сенімділігіне жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың сенімді екенін және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Алматы қ., 2013 ж.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Delta Bank» Акционерлік қоғамының (ары қарай – Банк, эмитент) бірінші облигациялық бағдарламасының Проспектісіне сәйкес шығарылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

облигациялық бағдарлама Проспектісін мемлекеттік тіркеу күні – бірінші облигациялық бағдарламаны шығару Проспектісі уәкілетті органмен 2011 ж. 5 желтоқсанда E17 нөмірімен тіркелген;

бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі шығарылымның ақша көрсеткішіндегі көлемі – 50 000 000 000,00 (елу миллиард) теңге;

облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі 2 (екінші);

облигациялардың алдыңғы шығарылымы туралы мәліметтер:

бірінші шығарылым:

уәкілетті органда шығарылымды тіркеу күні – Банктің бірінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі бірінші шығарылым 2011 ж. 5 желтоқсанда тіркелген, шығарылым эмиссиялық бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізімдемесіне E17-1 нөмірімен енгізілген;

облигациялар саны – 10 000 000 (он миллион) дана;

номиналды құны бойынша шығарылым көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге;

орналастырылған облигациялар саны – аталған облигациялық бағдарлама шегінде бірінші шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны 5 500 000 (бес миллион бес жүз мың) дана.

облигациялық бағдарлама шеңберінде бұрын шығарылған облигациялардың олардың ұстаушыларына беретін құқықтары, сондай-ақ шектеуді бұзғанда (ковенант) жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен бекітілген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен көзделген құқықтар – бірінші облигациялық шығарылым Проспектісімен шектеулер (ковенант) көзделмеген, облигацияларды сатып алу-сату шарттары бекітілген жоқ.

Эмитенттің бірінші шығарылым бойынша облигация ұстаушылары:

- Осы Проспектімен көзделген мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алуға;
- Осы Проспектімен көзделген мерзімдерде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте ақпарат алуға;
- Өздерінің меншігіндегі облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және өзге тәсілмен иелік етуге;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иеленуге құқылы.

3. Екінші шығарылым құрылымы:

1) облигация түрі – қамсыздандырусыз, купонды облигациялар;

2) шығарылатын облигациялардың саны - 40 000 000 (қырық миллион) дана. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі – 40 000 000 000,00 (қырық миллиард) теңге;

3) бір облигацияның номиналды бағасы – 1 000 (бір мың) теңге;

4) облигациялар бойынша сыйақы:

облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

облигация бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген жылдық 7,5 % (жеті бүтін оннан бес пайыз) облигация айналымының бүкіл уақыты ішінде;

сыйақыны есептей бастайтын күн:

Купондық сыйақыны есептеу басталған күн болып, айналымға түскен күн есептеледі.

Айналым басталған күн – облигацияны «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-н ресми тізіміне енгізген күн болып саналады.

сыйақы төлеу күні мен мерзімділігі:

Облигациялар бойынша купонды сыйақы жылына екі рет, 360/30 (жылдағы 360 күн / айдағы 30 күн) уақыт базасы есебінде тиісінше төленеді. Купондық сыйақыны төлеу әр алты ай сайын, облигациялардың айналымға түскен күнінен бастап, өтеу мерзіміне дейін жыл сайын төленеді.

сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары

Купонды сыйақыны төлеу үшін облигацияларды ұстаушылар тізімдемесін тіркеу, осы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басына жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы осы төлемдер жүргізілетін кезеңдегі соңғы күннің басына сыйақыны алуға құқылы тұлғаларға төленеді (бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімдеме жүйесін жүргізетін тіркеушімен көрсетілген облигацияларды ұстаушылардың тұрғылықты орнындағы уақыт бойынша).

Купонды сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылардың тізімдемесінде көрсетілген облигацияны ұстаушылардың банктік шот деректемелеріне ақша аудару арқылы төлемдер жүргізілген кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалады.

Облигацияны ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, купонды сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда облигацияларды ұстаушылар тізімдемесінде көрсетілген облигацияны ұстаушылардың банктік шот деректемелеріне теңгемен төленеді. Облигацияны ұстаушыдан жазбаша түрде тиісті өтініш алғанда, Банктің белгілеген бағамы бойынша, теңгедегі сома басқа валютаға айырбасталуы мүмкін. Соманы теңгеге немесе басқа валютаға айырбастау облигацияны ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Облигация бойынша купонды сыйақы облигацияның номиналды бағасын шығару сияқты және купонды сыйақының жылдық мөлшерлемесі сияқты және 360-қа бөлінген купонды есептеу кезеңінде иелену күніне (айдағы 30 күн есебінен) есептеледі.

сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі

Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылдағы 360 күн / айдағы 30 күн) уақыт базасы қолданылады

индекстелген облигацияны шығару кезеңіндегі есептеу тәртібі:

Облигацияның осы шығарылымы индекстелген болып саналмайды

Сыйақы мөлшерлемесі тіркелмеген болса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:

Купон бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген

5) облигацияларды айналымға шығару мен өтеу туралы мәліметтер

Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымға шығарылады.

облигациялардың айналымға шығарыла бастаған күні:

Облигацияларды айналымға шығару облигацияларды «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-н ресми тізіміне қосылған күннен басталады

облигацияларды айналымға шығару мерзімі және оларды өтеу шарттары

Облигацияларды айналымға шығару мерзімі айналымға шығарыла бастаған күннен – 10 (он) жыл.

Облигациялар төлемдер жүргізілгеннен кейінгі кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, облигацияны ұстаушылардың ағымдағы шотына ақшаны аудару арқылы соңғы кезеңге бір уақытта сыйақы төлеумен бірге теңгеде көрсетілген бағасы бойынша айналым мерзімінің соңында өтеледі.

Соңғы кезеңге негізгі борыш пен сыйақыны (купонды) алуға құқықты, төлем жүргізілген кезеңнің соңғы күнінің басына облигацияны ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалар ие.

облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар айналымға шығарылған күннен бастап 10 жыл өткеннен кейін

облигациялар өтелетін орын:

Соңғы кезеңге облигацияларды өтегенде оның номиналды бағасын төлеу және сыйақы төлеу, Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би к., 73 «а» үй бойынша жүргізіледі.

облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу қазақстандық теңгеде облигацияларды ұстаушылар тізімдемесінің мәліметтеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың банктік шотына Банктің ақша аударуы арқылы орындалады. Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда теңгеде орындалады. Облигацияны ұстаушыдан тиісті сұрау алған жағдайда теңгедегі сыйақы сомасын Банктің белгілеген бағамы бойынша басқа валютаға айырбастау көзделген. Теңгедегі соманы басқа шетел валютасына айырбастау облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.

б) облигациялар бойынша қамтамасыз ету

Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

7) облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі ретінде «Nalyk Finance» шығады, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы бола отырып, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігінің 2008 жылғы 26 желтоқсанда берген № 4.2.92/28 лицензиясы негізінде өз қызметтерін көрсетеді.

«Nalyk Finance» Акционерлік қоғамы «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ң мүшесі болып және Қазақстан қаржыгерлер Ассоциациясының мүшесі болып табылады.

Облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 19/1, «Нұрлы Тау» БО, 3 Б, 6 қабат.

Телефон: +7 (727) 244-65-40; факс +7 (727) 259-05-93

Облигацияларды ұстаушылардың өкілімен бекітілген шарт нөмірі мен күні:

Облигация ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы 19.04.2013ж. № 232DB Шарты.

8) тіркеуші туралы мәліметтер

Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізімдемесін жасау, жүргізу және сақтау қызметін лицензиясыз әрекет ететін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» көрсетеді.

Тіркеушінің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Абылай хан к., 141;

Телефон: 8 (727) 272-47-60;

Тіркеушімен бекітілген шарт нөмірі мен күні:

24.08.2012 ж. № 00057-АО бағалы қағаздар ұстаушыларының тізімдеме жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету Шарты.

9) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымның атауы, орналасқан жері, тиісті шарттардың нөмірі мен күні көрсетіледі);

Шығарылым андеррайтері болып, Қазақстан қаржыгерлері Ассоциациясының мүшесі болып табылатын және келесі лицензиялары бар, «АСЫЛ-ИНВЕСТ» Акционерлік қоғамы саналады:

• номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналасуға 15.03.2007 ж. №0401201470.

• инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысуға 15.03.2007ж. №04032000645.

«АСЫЛ-ИНВЕСТ» Акционерлік қоғамының орналасқан жері: Алматы қ., Байтұрсынов к. 132Б, тел. +7 (727) 300 43 01, факс +7 (727) 300 43 99.

Андеррайтермен бекітілген шарт нөмірі мен күні:

Андеррайтинг қызметін көрсету туралы 19.04.2013ж. № 2 Шарты.

10) төлем агенті туралы мәліметтер

Төлем агенті көзделмеген. Купонды сыйақы мен облигацияның номиналды бағасын, оларды өтеу кезінде, Банк дербес өзі төлейді.

11) облигацияның оның ұстаушыларына беретін құқықтары, мыналарды көрсете отырып:

Эмитент облигацияларын ұстаушылар:

- осы Проспектімен көзделген мерзімдерде облигацияның номиналды бағасын алуға;
- осы Проспектімен көзделген мерзімдерде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте ақпарат алуға;
- оларға тиесілі облигацияларды еркін иеліктен шығаруға және өзге тәсілмен иеленуге;
- Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 баптарымен анықталған жағдайларда орналастырылған облигацияларды сатып алуды талап етуге;
- осы Проспектімен көзделген тәртіпте ковенантты бұзған жағдайда орналастырылған облигацияларды сатып алуды талап етуге;
- Облигацияны меншіктену құқығынан туындайтын өзге де құқықтарға ие.

11-1) туындауы салдарынан эмитент облигациялары бойынша дефолт жарияланатын оқиғалар көрсетіледі

Облигациялар бойынша дефолт – бұл, аталған Проспектімен белгіленген сыйақы және/немесе негізгі борышты төлеу мерзімдері аяқталғаннан кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, купонды сыйақыны, өтеу кезіндегі облигацияның номиналды бағасын және/немесе соңғы купонды сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу болып саналады. Егер аталған мерзім аяқталғаннан кейін эмитент өзінің міндеттемелерін орындамаса, облигацияларды ұстаушылардың барлық құқықтары және олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Банк осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін бағынбайтын күш салдарының нәтижесінде ішінара немесе толық орындамаса, жауапты болмайды. Бағынбайтын күш салдары деп алдын ала болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған салдарды айтамыз (табиғи апаттар, әскери қимылдар және т.б.). Бағынбайтын күш салдары басталған жағдайда, осы Проспект бойынша Банкпен өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі, мұндай салдар әрекет еткен және оның зардаптарының уақытына шамалас созылады.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитентпен қолданылатын шаралар, облигация бойынша сыйақыны төлеу міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау бойынша іс-шаралар:

Сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу бойынша өзінің міндеттемелерін облигацияларды ұстаушылардың алдында орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Банк келесі шараларды қолданады:

- Эмитент кінәсінен сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу бойынша облигацияларды ұстаушылардың алдында өзінің міндеттемелерін орындамаған және/немесе уақытылы орындамаған жағдайда, Банк, облигацияларды ұстаушыларға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне байланысты есептелетін, мерзімі кешіктірілген әр күнге өсімпұл төлеуге міндеттенеді;

- Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Банк, дефолтты туындатқан жағдайларды жою үшін және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады;

- Эмитент дефолттан тиімді шығуды анықтау мақсатында облигацияны ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастама жасайды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаудың тиісті көлемі мен мерзімдерін көрсете отырып облигация ұстаушыларының алдындағы өз міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды;

- Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған, облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитенттің қолданатын, қайта ұйымдастырушылық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгесі де кіретін шаралар, сондай-ақ:

- 1) несиелеу көлемдерін төмендету;
- 2) қызметкерлердің штаттық санын қысқарту, оның жеке филиалдары мен бөлімдерін жабу арқылы әкімшілік шығындарды азайту;
- 3) проблемалық несиелермен жұмыс бойынша шараларды күшейту;
- 4) бар активтерді сату;
- 5) ағымдағы берешегін қайта қаржыландыру мақсатында эмитент кредиторларымен келіссөздер жүргізу;
- 6) эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде жеке капиталын ұлғайту мақсатында эмитент акционерлеріне жүгіну кіреді.

Эмитенттің орындалмаған міндеттемелер көлемінен, міндеттемелерді орындамау себебінен, сонымен қатар эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиіссіз орындаған жағдайында эмитент міндеттемелері бойынша тең немесе қосымша жауапкершілікті алып жүретін тұлғаларға, эмитентке талап қою тәртібі кіретін облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін болатын әрекеттерін тізуден тұратын дефолт туындау фактілері туралы ақпаратты облигация ұстаушыларға жеткізудің тәртібін, мерзімін және тәсілін жан-жақты сипаттау.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Банк облигация ұстаушыларын купонды сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды бағасын өтегенде оларды төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталғанға дейін үш жұмыс күні бұрын «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ң ресми сайтында хабарландыру жариялау арқылы, сонымен қатар Банктің сайтында келесі мазмұндағы хабарламаны ілу арқылы облигацияларды шығарудың тиісті Проспектісімен көзделген шарттар бойынша міндеттемелерді орындау мүмкінсіздігі туралы хабарландыруға міндеттенеді:

- дефолт фактісі туралы ақпарат;
- дефолт күніне Банктің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- міндеттемелерді орындамау себептері;
- облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Банкке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қосқандағы мүмкін болатын әрекеттерін тізу;
- Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен өзге де ақпарат.

Егер аталған мәліметті ашу эмитентпен өзге заңды тұлғаға табысталса, ол тұлғаның толық және қысқартылған атауы және орналасқан жері көрсетіледі
Банк басқа заңды тұлғаға аталған мәліметті ашуды табыстамайды.

Эмитент дефолтқа ұшыраған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша мүмкін іс-әрекеттері.

Облигациялардың аталған шығарылымы бойынша дефолт туындаған жағдайда облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру осы проспектімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталған тәртіп пен талаптарда орындалады.

12) эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (аталған құқық эмитенттің облигациялар шығару туралы органының шешімімен көзделген жағдайда).

Эмитенттің облигациялардың аталған шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген.

12-1) эмитенттің облигациялар ұстаушыларын өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат мазмұнын, мұндай ақпаратты ашудың мерзімдері мен тәсілін, тәртібін көрсете отырып ақпараттандыру, сондай-ақ облигациялар шығару Проспектісімен көзделген шектеулерді бұзу (ковенант) туралы ақпараттандыру тәртібі

Банк қызметі және оның қаржылық жағдайы жөніндегі, сонымен қатар ағымдағы қызметі, облигация ұстаушыларының мүддесін айтарлықтай қозғайтын оқиғалар туралы ақпарат және қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингінің шартымен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми интернет қорында www.dfo.kz және «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ң ресми сайтына www.kase.kz енгізіледі.

13) облигацияларды орналастырғаннан түскен ақшаларды пайдалану туралы мәліметтер:

Облигацияларды шығарудың негізгі мақсаты болып Банктің қорландыру базасын ұлғайту және әртараптандыру табылады. Бұдан басқа, Банк ақша қаражаттарын Қазақстан экономикасының шынайы секторын несиелеуге жіберуді көздеуде. Атап айтқанда, Банк Республиканың оң операциялық қызметтегі және несие тарихы бар Ірі, Орта және Шағын бизнес кәсіпорындарын несиелеуді жалғастырады. Эмитент ары қарай несиелеуді өз қаражаттары арқылы, сонымен қатар ішкі нарықта қорландыру есебінен қолдамақ. Облигацияларды орналастырғаннан алынған ақшалардың жоспарлы бөлінуінде аталған мақсаттар өзгерген жағдайда эмитент облигацияларды шығарудың осы Проспектісіне өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

3-1. Облигацияларды өтеген кезге дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі бөлінісіндегі негізгі борыш сомасын өтеу мен сыйақы төлеу үшін қажетті эмитент ақша қаражаттарының ағыны мен көзінің болжамы.

Сыйақы төлеу мен негізгі борыш сомасын өтеу үшін Банк өзінің негізгі қызметінен түскен ақша қаражаттарының ағынын болжайды. Банк өз дамуының стратегиясына сәйкес орта және шағын бизнес клиенттеріне, жеке клиенттерге банк қызметінің кең саласын көрсетумен байланысты негізгі қызметтен туындайтын ақша қаражаттарын жинақтауды болжайды.

Облигацияларды өтеген кезге дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі бөлінісінде негізгі борыш сомасын өтеу мен сыйақы төлеу үшін қажетті эмитент ақша қаражаттарының көзі мен ағынын болжау осы Проспектінің № Қосымшасында берілген.

3-2. Эмитенттің қолданатын шектеулері (ковенанттар) (бұл эмитенттің облигациялар шығару туралы органының шешімімен көзделсе):

1) Банк пен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ арасында бекітілген листинг шарттарымен белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін беру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

2) Банкке аудиторлық компанияның Банктің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептіліктерді беру мерзімдерін бұзу жағдайларын қоспағанда, Банк пен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ арасында бекітілген листинг шарттарымен белгіленгендей мұндай есептіліктерді беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

Шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда Банк бұзушылық анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигациялар ұстаушыларға шектеулер (ковенант) бұзылғаны жөніндегі ақпаратты өзінің корпоративтік интернет қорында www.deltabank.kz орналастыру және «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ң интернет қорына www.kase.kz бұзушылықтың туындау себептерін дәйекті сипаттай отырып және облигациялар ұстаушылардың Банкке талап қоюымен жүгіну тәртібін қосқанда өз талаптарын қанағаттандыру бойынша әрекеттер мүмкіндігінің тізімін көрсете отырып, жазбаша хабарландыруды беру арқылы жеткізеді.

Банк облигация ұстаушылардың құқығын қамтамасыз ету мақсатында ковенанттың бұзылуын болдырмау үшін барлық қажетгі іс-шараны іске асырады.

Банк ковенанттар бұзылған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде бұзушылық туындатқан себептерді жоюдың барлық мүмкін шарасын қолданады.

Банк шектеулердің (ковенанттың) бұзылуын туындатқан себептерді жою бойынша шараларды ковенанттар кейінге шегерілген кезең ағымында қолданбаса, егер басқасы Банк пен

облигациялар ұстаушылар арасында келісілмесе, облигацияларды ұстаушылар мұндай талап қою берілген күннен бастап саналатын 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банктің орналастырылған облигацияларды сатып алуын талап етуге құқылы.

Банк облигация ұстаушылардың барлық қажетті деректемелерін:

Заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауын, берілген күні мен нөмірін және органын Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігін беруді, орналасқан жерін, телефонын, банктік деректемелерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, сатып алынатын облигациялар түрі мен санын; Жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының атын, тегін, болған жағдайда әкесінің атын, куәлік берген органды, күнін, нөмірін, мекен-жайын, телефондарын, банктік деректемелерін, жеке сәйкестендіру нөмірін, сатып алынатын облигациялар түрі мен санын көрсете отырып ерікті нысанда жасалған облигацияларды сатып алуға берген жазбаша өтініштері негізінде ғана олардың банктік шотына 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ақшаны аудару жолымен сатып алу күніне жиналған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды бағасына сәйкес келетін бағада орналастырылған облигацияларды сатып алады.

Банк облигацияларды сатып алу бойынша берілген барлық өтінімді біруақытта қанағаттандыра алмайтын болса, облигация ұстаушылардан облигациялар берілген өтінімдердің кезектілігіне қарай сатып алынады.

Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, облигацияларды сатып алғанда облигацияның номиналды бағасын және жиналған сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда ұлттық валютада (теңгеде) төленеді. Облигацияны ұстаушыдан тиісті сұрау алған жағдайда теңгедегі соманы Банктің белгілеген бағамы бойынша басқа валютаға айырбастау көзделген. Теңгедегі соманы басқа шетел валютасына айырбастау облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.

3-3. Орналастырылған облигацияларды сатып алу:

1) Қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Банк орналастырылған облигацияларды олардың бүкіл айналымы мерзімі ішінде сатып алуға құқылы. Сатып алынған облигациялар өтелмеген болып саналады және Банк өзінің сатып алған облигацияларын бағалы қағаздар нарығында олардың бүкіл айналымы мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта сатуға құқылы. Мәміле мерзімдері мен бағасы мәмілені бекіту сәтінде туындаған нарықтық жағдайларға байланысты анықталады.

2) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4 бабына сәйкес Банк келесі жағдайларда орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті:

2-1) Банктің уәкілетті органы облигацияларды делистингтеу туралы шешім қабылдағанында;

2-2) «Қазақстанның қор биржасы» АҚ тізімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған, қор биржасына ақпарат беруге қатысты арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебінен Банк облигацияларын делистингтеу туралы шешім қабылдағанында;

2-3) Банктің облигацияны ұстаушылардың өкілімен шартты облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен бекітілген шарт әрекетінің тоқтаған күнінен немесе ол бұзылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде бекітпегенінде.

Банк орналастырылған облигацияларды сатып алу күніне жиналған сыйақыны ескере отырып, облигацияның номиналды бағасына сәйкес келетін баға бойынша немесе облигацияның нарықтағы әділ құны бойынша, қай шама ең жоғарғы болып табылатынына байланысты сатып алады.

4. Опциондар туралы ақпарат:

Облигациялардың аталған шығарылымы бойынша опциондар көзделмеген.

5. Айырбасталатын облигациялар:

Шығарылатын облигациялар Банк акцияларына айырбасталмайды.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) *облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:*

	2013ж.	1 жартыжылдық 2014	2 жартыжылдық 2014	1 жартыжылдық 2015	2 жартыжылдық 2015	1 жартыжылдық 2016	2 жартыжылдық 2016	1 жартыжылдық 2017	2 жартыжылдық 2017	1 жартыжылдық 2018	2 жартыжылдық 2018	1 жартыжылдық 2019	2 жартыжылдық 2019	1 жартыжылдық 2020	2 жартыжылдық 2020	1 жартыжылдық 2021	2 жартыжылдық 2021	1 жартыжылдық 2022	2 жартыжылдық 2022	1 жартыжылдық 2023	2 жартыжылдық 2023
ОПЕРАЦИОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ																					
Алынған сыйақы	25 906 306	18 054 216	22 066 263	24 271 423	29 065 073	28 923 299	35 350 699	31 891 857	38 978 937	35 081 043	42 876 830	37 670 358	46 041 549	39 553 811	48 343 547	41 531 434	50 760 642	43 607 999	53 298 665	50 875 991	
Төленген сыйақы	(11 738 862)	(8 120 144)	(9 924 620)	(11 069 023)	(13 528 806)	(13 362 723)	(16 332 217)	(14 173 948)	(17 323 715)	(15 876 602)	(19 404 736)	(17 360 043)	(21 217 830)	(18 163 369)	(22 199 674)	(19 007 312)	(23 231 160)	(19 893 948)	(24 314 825)	(25 564 856)	
Алынған комиссиялық сыйақы	1 595 196	789 622	965 094	868 584	1 061 603	955 443	1 167 764	1 050 987	1 284 540	1 156 086	1 412 994	1 271 694	1 554 293	1 398 864	1 709 723	1 538 750	1 880 695	1 692 625	2 068 764	2 068 764	
Төленген комиссиялық сыйақы	(150 921)	(74 706)	(91 307)	(82 176)	(102 438)	(90 394)	(110 482)	(99 433)	(121 530)	(109 377)	(133 683)	(120 314)	(147 051)	(132 346)	(161 756)	(145 561)	(177 932)	(160 139)	(195 725)	(195 725)	
Өнерісі кезең үшін кіріс немесе шығыс құрамында қорықылған, әдісқа бойынша бағаланатын қаржы құрамындағы жүргізілетін операциялардан түскен таза түсімдер (төлемдер)	12 948	5 826	5 826	5 244	5 244	4 719	4 719	4 247	4 247	3 823	3 823	3 440	3 440	3 096	3 096	2 787	2 787	2 508	2 508	2 257	
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза түсімдер	201 859	109 004	133 227	119 904	146 549	143 885	175 859	158 273	193 445	211 031	211 031	232 134	232 134	278 561	278 561	306 417	306 417	367 701	367 701	404 471	
Басқа түсімдер, иелік	(254 185)	(125 822)	(153 782)	(138 404)	(169 160)	(152 244)	(186 076)	(167 949)	(204 684)	(184 215)	(235 152)	(202 637)	(247 667)	(222 901)	(272 434)	(242 667)	(272 434)	(242 667)	(272 434)	(242 667)	
Төленген жалпы әлемдік шығындар	(3 649 071)	(2 098 216)	(2 564 486)	(2 412 943)	(2 949 159)	(2 774 890)	(3 391 532)	(3 191 124)	(3 900 262)	(4 077 547)	(4 077 547)	(4 220 261)	(3 158 097)	(4 853 300)	(5 931 811)	(5 581 295)	(6 821 583)	(6 418 490)	(7 844 821)	(6 754 517)	
Операциондық активтердің (үлгісіз) өзгерісі																					
ҚРҰБ-ні міндетті резерв	(805 298)	(768 360)	(939 106)	(845 196)	(1 033 017)	(1 033 017)	(1 033 017)	(1 136 319)	(1 136 319)	(1 033 017)	(1 033 017)	(1 249 951)	(1 249 951)	(1 374 946)	(1 374 946)	(1 512 440)	(1 512 440)	(1 512 440)	(1 512 440)	(1 663 684)	
Банктердің және басқа қаржылық институттардың лизинг мен салықтар	6 588 078	(3 644 073)	(3 644 073)	(1 981 965)	(1 981 965)	72 373	72 373	(455 302)	(455 302)	(897 144)	(897 144)	(493 429)	(493 429)	(518 101)	(518 101)	(544 006)	(544 006)	(571 206)	(571 206)	(1 199 533)	
Өнерісі кезең үшін кіріс немесе шығыс құрамында қорықылған, әдісқа бойынша бағаланатын қаржы құрамындағы жүргізілетін операциялардан түскен таза түсімдер	20 721	3 948	3 948	3 790	3 790	3 638	3 638	3 493	3 493	3 353	3 353	3 219	3 219	3 090	3 090	2 967	2 967	2 848	2 848	2 734	
Клиенттерге берілген кредиттер	(101 681 426)	(39 522 410)	(43 082 664)	(44 596 874)	(55 442 960)	(22 941 238)	(30 751 760)	(20 905 949)	(26 351 765)	(29 406 544)	(30 554 797)	(24 082 465)	(27 664 564)	(25 748 787)	(30 165 735)	(26 891 644)	(27 683 759)	(27 229 188)	(31 020 656)	(43 547 278)	
Басқа активтер	(4 423)	(2 432)	(2 432)	(2 676)	(2 676)	(2 944)	(2 944)	(3 238)	(3 238)	(3 562)	(3 562)	(3 918)	(3 918)	(4 310)	(4 310)	(4 741)	(4 741)	(5 215)	(5 215)	(5 736)	
Операциондық міндеттемелердің (үлгісіз) өзгерісі																					
Банктердің және басқа қаржылық институттардың қаражаттары	(7 116 366)	980 366	1 198 225	1 771 133	2 164 719	1 806 556	1 842 687	1 896 884	1 991 728	1 991 728	2 091 314	2 091 314	2 195 880	2 195 880	2 305 674	2 305 674	2 420 958	2 420 958	2 542 006	2 542 006	
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен салықтары	34 602 041	40 376 093	33 034 966	42 300 000	51 760 000	16 200 000	19 800 000	24 420 200	13 954 400	23 784 736	18 868 272	9 760 938	12 491 599	10 220 399	12 491 599	14 266 635	9 511 090	11 200 386	13 689 361	67 573 932	
Басқа міндеттемелер	29 402	15 877	19 406	8 574	12 808	9 431	10 374	10 374	11 412	11 412	12 553	12 553	13 808	13 808	15 189	15 189	16 708	16 708	18 379	18 379	
Салықтарды төлеуге дейін операциондық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі	(56 444 197)	5 978 791	(3 575 495)	8 219 391	9 591 605	7 761 894	6 619 136	19 303 534	6 924 350	10 565 203	9 049 391	2 712 633	6 352 160	2 649 452	4 520 333	6 328 900	4 981 427	3 569 476	6 582 791	44 613 495	
Төленген табыс салығы	(646 693)	(525 052)	(525 052)	(649 856)	(649 856)	(715 106)	(715 106)	(750 750)	(750 750)	(788 318)	(788 318)	(1 037 142)	(1 037 142)	(1 084 817)	(1 084 817)	(1 128 978)	(1 128 978)	(1 178 248)	(1 178 248)	(603 070)	
Операциондық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі	(57 090 891)	5 453 739	(4 100 547)	7 569 435	8 901 649	7 046 788	5 904 029	18 552 784	6 173 600	9 776 885	8 261 073	1 675 491	5 315 019	1 564 635	3 435 516	5 199 922	3 852 450	2 391 227	5 484 541	44 010 625	
ИНВЕСТИЦИОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ																					
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді алу	(16 122 576)	(7 125 010)	(8 316 639)	(9 353 511)	(9 176 214)	(10 288 862)	(10 102 725)	(12 317 748)	(11 112 997)	(11 549 523)	(10 102 725)	(4 419 366)	(6 333 572)	(4 581 322)	(6 966 929)	(6 759 674)	(7 663 622)	(5 543 642)	(9 143 984)	(7 076 457)	
Сату үшін қолда бар қаржылық активтердің шығыс және оларды өтеу	6 045 547	3 236 112	3 994 152	3 573 965	4 363 567	3 931 361	4 832 924	4 324 497	5 316 216	2 810 923	3 455 541	3 092 015	3 801 094	3 401 217	4 192 211	3 741 339	4 612 671	4 115 473	5 088 400	3 602 724	
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды алу	(547 280)	(261 916)	(261 916)	(288 107)	(288 107)	(309 106)	(309 106)	(331 816)	(331 816)	(356 387)	(356 387)	(382 983)	(382 983)	(411 787)	(411 787)	(442 998)	(442 998)	(476 831)	(476 831)	(513 523)	
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялардың шығыс және оларды өтеу	329 273	142 012	142 012	156 213	156 213	164 023	164 023	172 224	172 224	180 836	180 836	189 877	189 877	199 371	199 371	209 340	209 340	219 807	219 807	230 797	
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(3 823 716)	(825 517)	(825 517)	(1 04 866)	(1 04 866)	(136 326)	(136 326)	(149 958)	(149 958)	(164 954)	(164 954)	(90 725)	(90 725)	(95 261)	(95 261)	(100 024)	(100 024)	(105 025)	(105 025)	(220 553)	
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің шығыс	26 178	9 153	8 238	9 062	8 155	8 971	8 074	8 881	7 993	8 793	7 913	8 705	7 834	8 618	7 756	8 531	7 678	8 446	7 601	8 362	
Инвестициондық қызметте ақша қаражаттарының қолдануы	(14 092 573)	(4 825 166)	(5 259 671)	(6 807 245)	(5 011 252)	(6 629 938)	(5 543 135)	(8 293 919)	(6 098 337)	(9 070 312)	(6 979 770)	(1 602 676)	(2 808 474)	(1 479 364)	(3 074 639)	(3 343 486)	(2 376 955)	(1 781 772)	(4 410 032)	(2 968 659)	
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ																					
Реттелген облигацияларды өтеу																					
Борындық бағамы қалғандарды орнатуға пайдалану түсімдері	47 000 000																				
Борындық бағамы қалғандарды өтеу								(10 000 000)													(40 000 000)
Акцияларды орналастырудан түскен түсімдер	30 000 000		15 001 020																		
Акцияларды қайтаруды сатып алу																					
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының түсуі	77 000 000		15 001 020																		(40 000 000)
Ақша қаражаттарының және олардың бағаланатын таза (кеңейту/ұлғайту)	5 016 537	628 573	5 640 802	1 562 190	3 898 398	416 849	360 894	258 865	75 263	706 573	1 281 297	72 815	2 506 545	85 270	360 876	1 856 436	475 495	609 455	994 599	1 041 975	
Ақша қаражаттарына және олардың бағаланатын таза (кеңейту/ұлғайту)	21 050	9 899	10 592	10 304	11 016	10 914	11 456	11 459	11 914	12 032	12 391	12 634	12 887	13 266	13 402	13 929	13 938	14 625	14 496	15 357	
Жыл соңына ақша қаражаттары және олардың бағамы	6 119 205	11 956 792	12 595 264	18 246 658	19 819 243	23 720 656	24 148 419	24 520 769	24 791 093	24 878 270	25 596 875	26 890 564	26 976 012	29 495 444	29 593 979	29 968 258	31 838 622	32 328 055	32 952 136	33 961 141	
Жыл соңына ақша қаражаттары және олардың бағамы	11 956 792	12 595 264	18 246 658	19 819 243	23 720 656	24 148 419	24 520 769	24 791 093	24 878 270	25 596 875	26 890 564	26 976 012	29 495 444	29 593 979	29 968 258	31 838 622	32 328 055	32 952 136	33 961 141	35 018 472	